



БАСТЫ ТАҚЫРЫП:

# ТАРИХИ ЖЕТІСТІК

12+

4 бетте

2025 жыл / 25 ақпан / сейсенбі / №21 (19718)

«Қостанай таңы» қоғамдық саяси газеті 1922 жылдың 25 маусымынан шыға бастады

# Qostanai tañy

kostanaytany.kz

e-mail: kostanaytany@mail.ru

Ж.СӘБИТБЕК



Биыл Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы республика көлемінде атап өтіледі. Денисов ауданында археологиялық қазба жұмыстары жандана түспек. Кітапханалар заманауи үлгіге сай жабдықталады. Осы жаңалықтар мәдениет басқармасының алқа отырысында сөз болды.

## МӘДЕНИЕТ: МӘНДІ, МАҢЫЗДЫ БАСТАМАЛАР

### КІТАПҚУМАРЛАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Айбек ЖУЗБАЙ

Жергілікті халыққа арналған мәдени-демалыс қызметтерінің сапасына мән беріп отыр. Идеология саласының өкілдері тұрғындардың рухани дүниесін байтуға баса назар аудару керектігін айтады.

«Қазір халықтың елу пайыздан

астамы кітап оқуға ден қоя бастады. Оны сауалнама қорытындысы бойынша халықтың пікірі мен негізгі көрсеткіштердің, саладағы жетістіктердің динамикасы айқындап беріп отыр. Осыған орай кітапханадағы жайлы атмосфера келушілерді тартып, олардың қоғамдағы мәртебесін арттыруға жұмыс істеген тиімді», – деді бұл туралы Қостанай қаласы әкімінің орынбасары Мәжит Шүленов.

Осыған сай оқырмандар үшін қолай-

лы жағдай жасалып та жатыр. Алдыңғы жылы қала бюджеті есебінен Н.Островский атындағы орталық қалалық кітапхана жөнделді. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін объектілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету шеңберінде үш кітапхананы реконструкциялау жұмыстары жүргізілген. Атап айтқанда, «Строительный», «Станционный», «Южный» бөлімшелері ағымдағы жөндеуден өтті.

3-бет

### МЕРЕЙ МЕН МАРАПАТ



2 бетте

### ЖЫЛАНШЫҚ АРНАСЫНАН АСТЫ



2 бетте

### БОПСАЛАУШЫ БЛОГЕР ҰСТАЛДЫ



7 бетте

### ЖАРЫСТЫРҒАН, ТАБЫСТЫРҒАН БІР ДУМАН



8 бетте



## МЕРЕЙ МЕН МАРАПАТ

Шорт-тректен Қазақстан құрамасының мүшесі Глеб Ивченко 5000 метрлік эстафетада алтын жүлдеге ие болып, ел намысын абыроймен қорғады. Сонымен қатар ол Миланда (Италия) өткен Әлем кубогінде

қола жүлдегер атанды. Шаңғы жарысында Наиль Башмаков пен Владислав Ковалев 4x7,5 шақырымдық эстафетада қола жүлде жеңіп алды. – Қостанай облысы ІХ Қысқы Азия ойындарында үш жүл-

деге қол жеткізді. Бұл – үлкен жетістік. Сіздер Қазақстанның атын ғана емес, туған өңіріміздің де даңқын асқақтаттыңыздар. Алдағы жарыстарда да сәттілік серік болсын! – деді Берік Таңжарықов.

### Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Қостанай облысының спортшылары ІХ Қысқы Азия ойындарында жоғары нәтиже көрсетіп, өңір мерейін үстем етті. Облыс әкімінің орынбасары Берік Таңжарықов жеңімпаз спортшыларды қабылдап, марапаттады.

ІХ Қысқы Азия ойындары 7-14 ақпан аралығында Қытайдың Харбин қаласында өтті. Байрақты бәсекеге 34 мемлекеттен 1275 спортшы қатысып, 11 спорт түрінен 64 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Қазақстан құрамасы 13 медаль жеңіп алды (3 алтын, 6 күміс, 4 қола). Елге медаль әкелген Қазақстан Республикасы ұлттық құрамасының сапында қостанайлық Наиль Башмаков пен Владислав Ковалев те болды.

Жеңімпаздарға облыс әкімінің атынан қаржылай сыйақы табысталды. Глеб Ивченкоға – 3 миллион теңге, Наиль Баш-

маков пен Владислав Ковалевке – 1,5 миллион теңгеден берілді. Сондай-ақ олардың жаттықтырушысы Владимир Ковалевке де 1,5 миллион теңге көлемінде сыйақы тағайындалды.

– Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Алда маңызды додалар күтіп тұр. Ел сенімін ақтау үшін аянбай тер төгеміз, – деді Наиль Башмаков.

Спортшылар алдағы уақытта Норвегияда өтетін ел чемпионатына қатысады.

**Суретті түсірген –  
Бердіболат  
КӨРКЕМБАЕВ**



## Белсенділер бақылайды

Облыстық балалар ауруханасындағы ұзаққа созылған жөндеу жұмыстары аяқтала ма? Құрылыс басқармасының меншігіне өткен нысанды енді Антикор мен қоғам белсенділері назарда ұстайтын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы департаменті өңірдің «созылмалы құрылыстарына» мониторинг жүргізіп келеді. Басты мақсат – құрылысты соңына дейін жеткізу.

Мысалы, жақында Қонай шағын ауданында екі тұрғын үйдің құрылыс-монтаждау жұмыстары тәмамдалды. Қазір нысандарды қабылдау рәсімдері жүріп жатыр.

Сол сияқты Рудный қаласында екі тұрғын үйдің құрылысына қоғамдық бақылау жүргізілуде.

Ведомство басшысы Бауыржан Ұзынжастың айтуынша, 5 жыл бойы аяқталмай тұрған Қостанай облыстық балалар ауруханасының күрделі жөндеуі жөніндегі мәселе бүгінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ерекше бақылауында тұр.

Осы жылғы 19 ақпанда аурухананы ұзақ жөндеуге рұқсат беру тұрғысында жұ-

мыс кеңесі өткізілді. Антикор облыс әкімдігі мен денсаулық сақтау басқармасына ұйымдастыру-тәжірибелік шаралар қабылдау туралы бірнеше ұсыным жолдаған.

Белгілі болғандай, бүгінде нысан Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының ведомстволық меншігіне берілген. Ақаулық туралы актілер жасалды, нысанды аяқтау бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары басталып кетті.

Антикор мен қоғам белсенділері аталған нысандарға бақылауды құрылыс аяқталғанға және оларды пайдалануға бергенге дейін жалғастырмақ.

Көзі қарақты оқырман біледі, балалар ауруханасын түбегейлі жөндеу 2020 жылы басталған. Кейін мердігер мен тапсырыс берушілер арасындағы тартыс әлі жалғасып келеді.

**Асыл ҚАСЫМ**

## ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР ӨТЕМАҚЫ АЛДЫ

### Сералы МЫРЗАБАЙ

Су тасқыны салдарынан зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерінен 40 өтініш келіп түскен. Бұл өтініштерді қараумен қала әкімдігінің жұмыс тобы айналысты.

Жалпы өтініштердің ішінен тоғызы өтемақы ережесіне сай келмеген. Ал қалған 31 өтініштен үш кәсіпкерге өтемақы төлеуден бас тартылды. Осылайша өңірлік комиссия 455,2 млн теңгеге мүліктік шығындардың орнын толтыру туралы 28 өтінішті мақұлдаған.

«Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік шығындарды өтеу бойынша жұмыс толығымен аяқталды»,

– дейді Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мира Қазкеева.

Десек те, Қостанай қаласында шағын және орта бизнесі дамытуды қолға алғандар қатары артқан. Оның себебі мемлекеттен көрсетілетін қолдау бизнесі жетілдіруге серпін болып отыр. Айталық, өткен жылы қала кәсіпкерлеріне 30,3 млрд теңге көлемінде 471 несие берілген. Бұл екі жыл бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда көп, 2023 жылы – 22,5 млрд теңгеге 394 несие алынған.

«Екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау» жобасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы сомасы 22,3 млрд теңгеге 289 жоба мақұлданды. Ал «Екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру» жобасы бойын-

ша кредиттің жалпы сомасы 8 млрд теңгеге 182 кепілдік берілді. Гранттық қаржыландыру шеңберінде 30 млн теңге сомасына 6 грант берілді», – дейді Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мира Қазкеева.

Өткен жылдың қорытындысын мысалға келтірсек, ішкі сауда көрсеткіштері көңілге қонымды. Көтерме сауда айналымынан 951,3 млрд теңге, бөлшек саудадан 464,8 млрд теңге түсім түскен. Ал әлеуметтік азық-түлік тауарларының бағасына келетін болсақ, тиісті жұмыс жүргізілуде.

«Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру үшін өткен жылы 21 ауыл шаруашылығы жәрмеңесі өтті. Онда 3,5 мың тоннадан астам өнім сатылды. 2024 жылы тұрақтандыру қорының өнім үлгісі 2,4% ұлғайды», – дейді бөлім басшысы.

## ЖЫЛАНШЫҚ арнасынан асты

### Айбек ЖҮЗБАЙ

Бұл жағдай Жанкелдин ауданы Ахмет ауылының тұрғындарын алаңдатып отыр. Былтыр ауылды су қоршап, елді мекен сыртпен байланыссыз қалған еді.

Жағдайды білу үшін төтенше жағдай мамандарына хабарластық.

«Бұл жағдай ауа райының күрт өзгеруіне байланысты болғандықтан табиғи құбылысқа жатады. Алдымен жылынды, сосын суыды. Салқындаған соң мұз қалыңдап, салмағы үлкейді. Су өзеннің жағасына шықты. Жалпы, ол ауылға қауіп-қатер төніп жатқан жоқ», – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Бүгінгі таңда судың деңгейін бақылап отыру үшін департамент қызметкерлерінің тарапынан гидробекет

қойылды. Демек, алаңдауға негіз жоқ.

«Бүгінгі таңда су тасқынының алдын алу мақсатымен су арнасынан шығып кетпеу үшін құммен бөгет жасалуда. Бұл бөгеттер су деңгейінің көтерілуі немесе тасқынның әсерінен тұрғын үйлер мен инфрақұрылымдарды қорғау үшін салынады. Өзен жағалауын бекіту, нығайту жұмыстары жүргізілуде», – дейді мамандар.

Су деңгейі үнемі бақылауда болады. Аудан тұрғындарына ескертіп, хабарлау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жанкелдин ауданы

# МӘДЕНИЕТ: мәнді, маңызды бастамалар



«Жөндеу жұмыстары барысында мердігерлерден оқырмандар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талап етіледі. Бірінші кезекте нысанның барлық инженерлік желілері, өртке қарсы қауіпсіздік жүйесі ауыстырылады. Ғимараттарды мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да ыңғайлап жасау қажет. Оқырмандарға қолайлы коворкинг аймақтары, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жабдықталатын болады. Бұл жердегі басты назар аударатыны, кітапхана кеңістігін аймақтарға бөлу жұмыстары», – деп атап өтті Мәжит Шүленов.

Мәселен, жөндеуден өткен балалар кітапханасын алайық. Онда қосымша 45 орындық акт залы, оқуға ыңғайлы аймақтар, ең кішкентай оқырмандар үшін жас суретшілер мен кәсіби шеберлердің көрмелерін өткізуге арналған экспозициялық зал ашылды. Қостанай-2 шағын ауданындағы «Станционный» кітапханасында фойедегі артық орындардың есебінен пайдаланушыларға қолайлы орындар ұлғайтылды. Мұның бәрі кітапханалардың қызмет аясының кеңеюіне ықпалын тигізіп отыр. Осы тұста айта кетелік, қазіргі уақытта кітапханаларды жаңғыртуға цифрлық қызметтердің сапасын арттырудың маңызды болып тұр. Өкінішке қарай, кітапханалардағы компьютерлердің шамамен 50%-ның тозығы жетті. Бұл заманауи талаптарға сай жұмыс істеуге кедергі келтіріп отырғаны түсінікті. Әкімнің орынбасары былтырғы үнемделген қаражаттың есебінен әзірге 11 компьютер сатып алынғанын айтады. Биыл тағы да 30 компьютер мен 3 ноутбук сатып алу жоспарлануда. Осылайша, кітапханаларда компьютерлік техника толығымен жаңартылмақ.

Бұл тұрғыда мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов оқырман санын көбейтуге ықпал ететін шаралардың бағдарламаға енгізіліп, сәтті жүзеге асқанын айтты.

«Мемлекет басшысы бүгінгі қоғамның алдына жаппай оқитын ұлтқа айналу талабын қойып отыр. Өткен жылы алғашқы рет «Оқы және жең» онлайн байқауы оқуды ілгерілету бойынша ең ауқымды, креативті жобаға айналды. Осы жоба республика бойынша тек Қостанай облысында өткізілетінін атап өту қажет. Байқауға жалпы облыс бойынша 16 мыңнан аса оқырман тіркеліп, қатысты, оның 13 мыңға жуығы – жастар», – деп атап өтті Құралбек Атамұратов.

## МІРЖАҚЫП ТОЙЫ БАСТАЛДЫ

Тобыл-Торғай жері қазақ халқының тарихында болмысы бөлек ұлт зиялысы, әдебиетіміздің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойын бастап жіберді. Алаш ардақтысының мерейтойын атап өту былтырғы жоспарлы мәдени іс-шаралардың аясында инфрақұрылымдық бағыттағы жұмыстармен жалғасын тауып жатыр. Бұл жөнінде Жанкелдин ауданы әкімінің орынбасары Еренбол Алматов баяндап берді.

«Биыл еліміз үшін тарихи маңызды кезең. Міржақып Дулатұлының шығармашылығы мен азаттық жолы – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Ауданда мерейтойға дайындық шаралары қызу қолға алына бастады. Бірқатар мәдени ошақтар



абаттандырылып, жастардың патриоттық сезімін оятуға арналған байқаулар қолға алынды», – дейді аудан әкімінің орынбасары.

Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының, Ы. Алтынсарин музейлерінің аулалары адам танымастай абаттандырылды. Жан-жағына тас төселді. Бидайық ауылындағы музейге экспедиция жұмыстарын жасау жұмыстары жалғасып жатыр.

«Ауданда мерейтойдың аясындағы құрылыс жұмыстарынан бөлек, мәдени іс-шаралардың қазығы қағылды. Нұрхан Ахметбеков мәдениет үйінде Міржақып Дулатұлының шығармасына арқау болған «Оян қазақ» спектаклі сахналанды. Туған жері Қызбел ауылында жыр кеші ұйымдастырылып, рухына тағзым жасалды, құран бағышталды. Кітапханаларда «Міржақып – Алаш күрескері» апталығы бастау алды. Ақынның жүріп-өткен жолына негізделген зияткерлік ойындар өткізіліп жатыр. Қыркүйек айында республика көлемінде атап өту жоспарланып отыр», – дейді әкім орынбасары.

Жалпы, Қостанай облысының мәдениет саласында тұрақты-орнықты даму байқалады және де облыста мәдени саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасатын болады.

«Биыл өңіріміздің тарихи кезеңдері мен қазіргі кездегі жетістіктерін көрсететін бірқатар ірі мерейтойлар мен атаулы оқиғалар атап өтіледі. Қостанай облысы өзінің көп ғасырлық тарихы мен мәдениетінің алуан түрлілігін көрсететін бай мұраға ие. Маңызды тарихи күн – тәуелсіз Қазақстанның Конституциясына 30 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл, Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл, Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл. Биыл ұлтымыздың көрнекті тұлғасы, жерлесіміз Міржақып Дулатұлының

140 жылдық мерейтойын мерекелеуге орайластырылған ауқымды іс-шаралар өткізу жоспарлануда. Өңірлік іс-шаралар жоспары әзірленіп, 140 жылдыққа орай 140 іс-шара енгізілді. Мерейтой барысында облыс көлемінде әртүрлі форматта іс-шаралар өткізілетін болады», – деді облыстық мәдениет басқармасының басшысы.

## ТҮЙЕМОЙНАҚТАҒЫ ТОЛАЙЫМ ІСТЕР

Денисов ауданында ауылдық мәдени нысандарға жіті көңіл бөлініп келеді. Бірқатар елді мекендегі кітапханалар жаңарып, мәдениет үйлері қалыпқа келтірілуде.

«Перелески мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізуді жоспарлап отырмыз. Жуырда сметалық құжаттары дайын болады. Осы мәдениетімізді ертеңгі ұрпаққа көрсету борышымыз. Біздің мамандар Әлкей Марғұлан атындағы археология институтымен тығыз байланыста. Осыдан екі жыл бұрын жергілікті музей қызметкерлерімен бірігіп, экскурсия жұмыстарын кең көлемде ұйымдастыру қолға алынды. Қамысты, Жітіқара, Денисов төңірегінде қазба жұмыстарын жүргізуге көп көмегі тиді. Осының арқасында музей қорында екі жүзден астам жәдігер сақталып тұр», – деп атап өтті Денисов ауданы әкімінің орынбасары Айгүл Бектемісова кезекті алқа отырысында.

Айтуынша, ол жұмыстарға ашылғанына он жылға таяған «Мирас» үйірмесінің жасөспірімдері белсенді атсалысып отыр. Жуырда жоғары жақтың қолдауымен «Ортеке» би мәдениеті жаңғырғалы тұр. Тарихты тану – тіл мәдениетін қалыптастыруға жетелейтін бірден-бір қадам екені сөзсіз.

«Осы орайда тіл саятының дұрыс жолға қойылуын ұмытпаған абзал. Облыста мемлекеттік тілді әртүрлі форматта үйренуге мүмкіндік бар. Барлық өңірлерде халыққа қызмет көрсету саласының қызметкерлері үшін қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Одан басқа ауызекі тілді еркін форматтағы «Soiletime», «ҚазРетро» сөйлесу клубтары жұмысын жүргізуде. Қазақстан халқы Ассамблеясы базасындағы «Мәміле» клубында этномәдени бірлестіктің өкілдері қазақ тілін оқып келеді. Тілдерді оқыту курстарының нәтижесінде жыл сайын мемлекеттік тілді меңгергендер үлесі артып келеді», – деді басқарма басшысы Құралбек Атамұратов.

Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау үшін облыста 800-ден астам түрлі форматтағы іс-шаралар өткізіліп, 75 мың адамды қамтыды. Жітіқара, Лисаков, Рудный және Қостанай қалаларында ауқымды тіл туралы форумдар мен конференциялар ұйымдастырылды.

Міне, мәдениет басқармасы мемлекет тұжырымдамасын іске асыру үшін бірқатар осындай шаралар қарылдап жатыр. Бұл саясат жасампаз құндылықты қалыптастырып, қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Мәдениеттің даму деңгейі – жалпыұлттық мәдени мұраны сақтап қалу десек, тиімді жұмыс істейтін инфрақұрылымдық тетіктері табыстың аса маңызды өлшемшарттарының бірі болып есептеледі.

«Мәдениет – өмір сүру сапасын жақсартудың маңызды факторы ғана емес, мемлекеттік бірліктің негізі. Өңірдің мәдениет саласындағы қызметі соңғы жылдары тұрақты дамып келеді. Облыста жаңа мәдени ортаны қалыптастыру жөніндегі міндеттерді іске асыруды 609 ұйым желісі жүзеге асырып отыр» – деді алқаның кеңейтілген отырысына төрағалық еткен облыс әкімі аппаратының басшысы Мұрат Сандыбаев.

Айтуынша, былтыр мәдениет саласына бөлінген қаражат көлемі 13,6 млрд теңгеге тең. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 12% артық. 2025 жылы бүкіл ел қазақ ағартушысы, ақын, жазушы Міржақып Дулатұлының 140 жылдығын атап өтеді. Осы күнге ұйымдастырушылық, инфрақұрылымдық жұмыстарды жүргізу маңызды. Бидайық ауылында орналасқан Міржақып Дулатұлының мұражай ғимаратына ағымдағы жөндеу және қайта экспозиция жүргізуге 46,7 млн теңге, Шақшақ Жәнібек мұражай ғимаратына ағымдағы жөндеуге 45 млн теңге бөлініп отыр.





Айбек ТАҢАБАЕВ

**Өскемен қаласында қазақ күресінен өткен жасөспірімдер арасындағы додада облысымыздың бірнеше балуаны чемпион атанды.**

## Алты алтын

Жарыстың бірінші күні 50 келі салмақ дәрежесінде Қостанай облысының атынан сынға түскен Нұралы Санай жеңімпаз болды. Ол финалда Түркістан облысының балуаны Сейілбек Ермұханбетті жеңіп, шеберлігімен көзге түссе, 55 келі салмақ дәрежесінде Сәбит

Дүйсенбек Ақмола облысынан барған Рамазан Қуаныштан басым түсті. Осы күні Қостанай облысы қос алтын медальді қанжығасына байлады.

«Бір аптаға созылған ел чемпионатында Қостанай облысының жас балуандары командалық есепте екі жас ерекшелігі бойынша 2 орынға ие болып, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Бұл басқа облыстардың жетпеген жетістігі екенін айтып кеткен жөн», – дейді Қостанай ауданы ұлттық спорт балалар-жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушысы Талғат Кеңесов.

Біздің спортшыларымыздан көзге түсіп, Нұралы Санай, Сәбит Дүйсенбек,

# Тарихи жетістік

Асыл Таңатқан, Шерхан Есболат, Айдос Ерлан, Жансая Шеген алтыннан алқа тақса, Дәмелі Әбілбекова күміс, Нұрсаят Жақсытай қола медаль алды.

Айта кету керек, Қостанай облысы тарихында мұндай жетістік алғаш рет болып отыр. Сондықтан спорт мамандары мұны тарихи жетістік деп бағалап отыр.

«Осы чемпионат тағы бір өз ерекшелігімен есте қалды. Азамат Ерәділов бауырымыз қазақ күресінен Халықаралық дәрежедегі төреші атағына ие болып отыр. Бұл да болса, облыста қазақ күресі кеңінен қанат жайып келе жатқанын көрсетеді», – дейді жаттықтырушы.

Чемпионға аудан әкімі Қанат Кеделбаев та арнайы құрмет көрсетіп, 200 мың теңге көлемінде сыйақы табыстады. Сондай-ақ жеңіске жеткен палуанның бапкері Ақтілеу Сабыров та назардан тыс қалмай, қаржылай сыйлыққа ие болды.

Асыл Таңатқан – Аманкелді орта мектебінің 11-сынып оқушысы. Ол жуырда Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын қорғап, аудан абыройын асқақтатты.

Жас балуан Асылға сәттілік серік болып, болашақта бұдан да биік белестерді бағындырады деген сенім мол.

## Кәсіпкер ат мінгізді

Өскеменде жеңімпаз атанған балуандардың бірі, аманкелділік Асыл Таңатқанға туған жерінде зор құрмет көрсетілді.

Жерлес кәсіпкер, спорт шебері Мұрат Тұрмағамбетов чемпионға ат мінгізіп, ел намысын асқақтатқан жастың жетістігін жоғары бағалады.

«Соңынан ерген інілерге серпін болсын деген ниетпен сыйладым. Асылдың бұл жеңісі жас палуандарға үлгі болып, алдағы байрақты бәсекелерде жеңісті жолын жалғайды деп сенемін», – деді кәсіпкер.



# Шалқыған шабыт иесі

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

**Арқалықта қазақтың әйгілі күйші - композиторы, Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО халық әртісі, халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған қалалық ән – күй фестивалі дүркіреп өтті.**

Нұрғиса Тілендиевтің қазақ өнеріне қосқан үлесі шексіз. Дарынды композитор 500-ден астам туындының авторы. Өмірін өнерге арнаған тума таланттың әрбір шығармасы тыңдарман жанның жүрек пернесін дөп басады.

Фестиваль шымылдығы композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар» әнімен ашылды. Байқау талабы бойынша үміткерлер Нұрғисаның бір әнін немесе бір күйін орындауы тиіс. Қатысушы өнерпаздардың өнерін Б.Байқадамов атындағы музыка мектебінің вокал пәнінің ұстазы Гүлнұр Баяхметова, Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитардык колледжінің ұстазы, домбырашы Ерлан Шәкіров, Арқалық қалалық Мәдениет сарайының ауылдық мәдениет үйі және клубтарының меңгерушісі, әнші Айбол Оңдаған бағалады.

«Қазақтың музыкалық мәдениетіне өшпес із қалдырған Нұрғиса Тілендиевтің бай шығар-

машылық мұрасын жаңғыртып, халыққа насихаттау және өнер жолындағы талантты жастарымызға қолдау көрсету, жаңа есімдерді анықтау мақсатында осы байқауды ұйымдастырып отырмыз. Нұрғиса ағамыздың домбыра шертуі, домбыраның құлағында ойнауы тіпті бөлек, ол кісіге елікпейтін, шабыттанбайтын адам кемде-кем шығар. Сондықтан бүгінгі залда отырған әр бір адам өзіннің Нұрғисасын іздеп, сағынып, аңсап келіп отыр деп санаймыз», – дейді қалалық Мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі Мейіргүл Бектепбергенқызы.

Байқау қорытындысында қатысушыларға әдеттегідей сый-сияпат жасалып, зор ілтипат, құрмет көрсетілді. Түрлі аталымдар табыс етілді. Ақтық мәрсеніе тоқталар болсақ, ән жанрында Ы.Алтынсарын атындағы педагогикалық институтының студенті Аружан Таласова, күй жанрында Родина ауылынан қатысушы Есенжол Бекболат бірінші орынды жеңіп алды.

Сондай-ақ №2 жалпы білім беретін мектеп атынан қатысып Нұрғисаның «Аққу» күйін әулеткен Даниель Вовченконың да көрерменді өнерімен тәнті еткенін айта кетейік.

«Ағайынның аты озғанша ауылдастың тайы озсын» деген меймандос елдің ұрпағымыз. Үкілеп әкелген жүйрігіміздің бағы жанып, бәйгеден олжалы оралғанымызға марқайып бара жатырмыз.

Есенжол ауылымыздың атын шығарып жүрген өнерпаздарымыздың бірі. Өнер жолына түсіп, бүгінде өзі де шәкірт тәрбиелей бастаған жас маман», – дейді Родина ауылының мәдени ұйымдастырушысы Мұратбек Әбдісәліқов.

**Суретті түсірген – автор**  
Арқалық қаласы



## Көңілді баурап, жүректі жаулап

**Қостанайда қалалық №1 балалар музыка мектебінде балдырған музыканттар сынға түсті. Бұл – ұлттық аспаптарда ойнайтын өнерпаздардың республикалық фестиваль-байқауына жол ашатын облыстық іріктеу кезеңі. Екі күнге ұласқан сайыста музыка және өнер мектептерінің шәкірттері шеберлік байқасты.**

Байқауға облыстың 17 өңірінен ұзын саны 200-ден астам жас музыкант қатысты. Оның ішінде 108 жеке орындаушы және он ансамбль мен екі оркестр үш жас деңгейі бойынша өнер көрсетті.

Балалар музыка мектебі екі күн Тобыл-Торғайдың жас дарындарын бір арнаға жиған ән-әуен ордасына айналды. Бәсі жоғары бәсекелестіктің айырықша атмосферасы, сахнаға шығарылған бірінен-бірі асып түсетін, деңгейі биік туындылар көңілді баурап, жүректі жаулады. Жұлделі орындардың шектеулі болуы, республикалық кезеңге берілетін санаулы жолдама байқауды барған сайын тартысты етіп, жас дарындарды ширқытыра түсті.

Қостанай музыка мектебі білікті педагогтарымен және талапты шәкірттерімен қашаннан-ақ танымал. Олардың осы жолғы дайындығы да жоғары болғанын аңғару қиын емес. Алдын ала іріктеліп, анағұрлым бәсекеге қабілетті қатысушылар сайысқа түскен байқауда нағыз үздіктер қазылар назарына ілікті. Осы мектептің таңдаулылары да үміттің үдесінен шықты деуге болады. Оған жұлделі орындардың басым көпшілігінің облыс орталығына бұйырғаны анық дәлел.

Қостанай қаласы №1 балалар музыка мектебінің еншісіне үш бірдей бас жүлде бұйырды. Жеңімпаздар – Дархан Қанапин, Юлия Латыпова және Жанәли Қабжәлел. Сондай-ақ Мерей Аманжол мен Айша Балғынбек 1-орын иеленді. 2-орын жүлдесі төрт оқушының еншісінде. Олар – Максим Отрошенко, Вероника Замша, Роман Драгун, Жансая Сайпилова. Ал Ксения Ищенко, Елнұр Салпеннов және Әсем Мырзагелдіқызы 3-орынды қанағат тұтты. Даниил Иващенко, Лейла Ионина, Тимур Кан, Айару Тоқтарқызы, Сергей Туркин, Даниил Цой байқау дипломанты атанды. Бұдан бөлек, Қазақ халық аспаптар ансамблі мен орыс халық аспаптар оркестрі байқаудың жеңімпаздары деп танылды.

Енді жеңімпаздар мен жүлдегерлерді алда республикалық байқау күтіп тұр. Облыс намысын қорғауға аттанатын жас дарындардың жұлдызы жарқырап, жеңіс тұғырынан көрінеді деген үміттеміз!

**Нұрбол ЖАТҚАНОВ**

Бүгінде смартфонның біздің күнделікті өмірімізде түбегейлі орын алғаны сондай, қазіргі таңда тыныс-тіршілігін онымен байланыстырмайтын адам кемде-кем шығар. Бастауын өткен ғасырдың орта шенінен алатын ұялы телефонның қарқынды дамуы ХХІ ғасырдың бірінші ширегіне тиесілі. Бұдан 30 жыл бұрын сіздің қалтаңызда әлемнің кез келген түпкірімен лезде хабарласа алатын, қаласаңыз, сөйлесіп тұрған адамыңыздың жүзін көріп тұрып, ғылым мен техника, әдебиет пен мәдениет, спорт, саясат, бір сөзбен айтқанда, қоғамның барлық саласына қатысты білгіңіз келетін сауалға табан астында жауап ала алатын, небір бағдарламаны, кез келген фильмді тамашалай алатын, қандай да болмасын құбылысты фотоға, бейнелі көріністерге түсіре алатын, басқаша сөзбен айтқанда, елмен нендей түсірілімдермен болсын бөлісе алатын өзіңіздің дербес каналыңыз бар, салмағы 300 грамға жетер-жетпес құрылғы болады десе, ешкім сенбес еді. Бұл айтылғандар қазіргі смартфондар мүмкіндігінің көпшілікке белгілі бір бөлігі ғана... Осының арқасында жұмыс істеу, білім алу, қалаған дүниенізге үйрену мәселелері барынша жеңілдеп сала берді. Бұл тұрғыдан алғанда, гаджеттердің пайда болуы осы ғасырдың алғашқы ширегіндегі ұлы жаңалық десек, асырып айтқан болмас еді.

Бірақ асыр келген дүниенің екі жағы болатыны секілді, мұның да жоғарыдағы тиімділігімен қоса, жағымсыз жақтарының бар екені күн өткен сайын айқындала түсуде. Енді алдымен осы келеңсіз тұстарға тоқталып өтсек.

Біріншіден, адам денсаулығына кері әсер ететін жақтары жайлы:

1) телефонның экранына күнұзаққа телміру көзге зиянын тигізеді;

2) қозғалыссыз бір қалыпта ұзақ отыру мойын, бел ауруына себеп болады;

3) қажетті дене қимылының болмауы ағзадағы қан айналымының нашарлауын тудырады да, қан қысымының жоғарылауына, семіздікке және т.б. дертке әкеледі;

4) электромагниттік сәулелердің таралуы денеге кері әсер ететінін ғалымдар соңғы кезде жиі айтады;

5) осыдан келіп зейіннің нашарлауы, зерденің әлсіреуі, сөйлесіп отырған адамның сөзін ұқпау, оқыған дүниені толық түсінбеу сияқты келеңсіздіктер пайда болады;

6) күні бойы көрген «оқиғалар тізбегі» түнде айналып соғып, ұйқының қанбауына, мең-зеңдікке әкеледі.

Жоғарыдағы айтылғандар – дене мүшелері толық қалыптасып болмаған баланың денсаулығына тікелей теріс әсер ететін факторлар. Енді жасөспірімнің енді ғана қалыптасып келе жатқан жас ағзасы қандай психикалық-эмоциялық ауыртпалыққа душар болатынын қарастыралық.

1. Дайын материалдарды оңай «сіңіруге» үйрену мен оларды ұдайы пайдалану оқушының ойлау қабілетіне, жылдам шешім қабылдауына кері әсерін тигізеді. Жауапты цифрлық құрылғыдан алып үйрену баланың еске түсіру, сараптау қабілетін төмендетеді. Оңайға үйреніп қалған ми ойлағысы келмейді, оған ең қолайлысы – қарап ала қою. Мұның өзі қапердің әлсіреуін туындатады және ең сорақысы – әдетке айналып кетеді.

2. Экранда болып жатқан құбылыстарға ойда араласуы, соған бола күйіп-пісу, айналадағы шынайы өмірді ұмыту жүйкенің жұқаруын, қазақша айтқанда, «сіркенің су көтермеуін», ашушаң болуды, тез шаршауды туындатады.

3. Цифрлық технологиялар арқылы берілетін әлеуметтік желілердегі небір «қызықтар» баланың гаджеттерге тәуелділігін арттырып, ақыр аяғында өзін-өзі басқара алмайтын, өзіне-өзі «әлі келмейтін» жағдайға түсіреді.

4. Қазіргі кезде «уақыттың тапшылығы» дегенді екінің бірінен естуге болады. Ал осы адамдардың біразы берері мардымсыз, көп жағдайда, тіпті кері әсер беретін жеңіл-желпі ақпараттар легі мен мағынасыз, қысқа роликтердің жетегінде асыл уақыттарын зая жіберіп, босқа отыратыны да шындық. Бұл балаларға да



барынша қатысты.

5. Адамдармен тікелей қарым-қатынастың аздығы баланың оқушаулануына, дұрыс та сауатты сөйлей білмеуіне, ойын дәл жеткізіп жаза алмауына, дос-жарандармен, жақындарымен, тіпті, ата-анасымен тіл табысуда жиі-жиі келіспеушілікке жетелейді.

6. Ал қоғамнан оқшаулану, айналасындағы адамдармен санаспай, санасында өзі құрып алған, өзгелерге беймәлім әлеммен өмір сүру – баланың өзіміз, дерекі болып қалыптасуына ықпал етіп, салдарынан оның алдағы өмірінде небір қиындықтар кезігіп, ақыр аяғында жабығу, жабырқау, іштей күйзелістерге ұшырау ықтималдығын барынша жоғарылатады.

Сөз етіп отырған жайттардың бәрі күнделікті тыныс-тіршілігі, әдеттері, өмірлік қағидалары мен ұстанымдары қалыптасқан ересек адам емес, дербес өмірге әлі толықтай еніп үлгірмеген балаға қалай әсер ететінін шамалай берсеңіз де болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, біздің балаларымыздың келешекте сау-саламатты да салықалы азамат болып қалыптасуы үшін, бүгін шешуші қадамдар жасағанымыз абзал. Мұндай шаралар туралы сөз қозғамас бұрын, осынау түйткілді мәселеге дамыған және көршілес елдердің көзарасы мен оларда жасалып жатқан істер төңірегінде аз-кем шолу жасай кетелік.

**АҚШ.** Америкалық Apple корпорациясы әлемге небір кереметтер гаджеттерді ұсынғаны белгілі. Осы корпорацияның негізін қалаған Стив Джобстан журналистің «Apple компаниясының жаңа планшеті балаларыңызға ұнады ма?» деген сұрағына ол: «Олар оңдай техниканы пайдаланбайды» деп жауап берген. Microsoft корпорациясының негізін салушы Билл Гейтс өз балаларына 14 жасқа дейін смартфон қолдануға тыйым салған. Әлемдегі ең жиі пайдаланылатын әлеуметтік желілердің бірі – Твиттердің негізін қалаушы Эван Уильямс балаларына смартфонмен күніне бір сағаттай ғана пайдалануға рұқсат еткен. Балалары мұндай қатаңдыққа келіспеушілік танытқанда: «Үйде бірнеше жүздеген қағазға басылған кітаптар бар. Көңілдеріңді аулағыларың келсе, қанша оқимын десеңдер, сонша оқыңдар» деп жауап берген. Американың технологиялық элитасы балалардың гаджеттерді пайдалануына шектеу қоюды қолдап келеді. Олардың талабы бойынша, тәрбиешілер жұмысқа тұрған кезде, олар балалардың көзінше ешқандай экраны бар құрылғылармен, тіпті өздерінің жеке телефондарымен де пайдаланбауы туралы келісімшарт жасасанды екен.

Көрші **Өзбекстанда** да осыған ұқсас тәртіп орныққан: мектепте оқушылармен қатар мұғалімдерге де телефонды пайдалануға рұқсат жоқ. Олар өзгеден

талап ететінді өзің де қолдан, сонда ғана нәтиже шын мәнінде жоғары болады деген қағидаға сүйенген. **Қытайда** ұялы телефондарды сабаққа әкелмеумен ғана шектелмей, жалпы мектеп аумағында пайдалануға тыйым салынған. Баланың ата-анасымен хабарласуы керек жағдайда, ата-ана алдын ала бұл жөнінде мектеп әкімшілігіне өтініш жасайды. **Британдықтардың** көпшілігі смартфонды пайдаланбау қағидасымен келіседі. 2024 жылдың 24 қазанында парламентке мектепте смартфонды пайдалануға тыйым салу туралы заң жобасы енгізілді. Мұндай мысалдарды әлі де жалғастыра беруге болады...

Енді Қазақстанға оралсақ. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 23 ақпандағы № 64-VIII заңда «...орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу процесі кезінде ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдалануына жол берілмейді» және «балалардың ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдалануын, сондай-ақ балалардың өз денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпаратты орналастыратын интернет-ресурстарға кіруін бақылауды жүзеге асыру» турасында айтылған. Осыған сүйенген біздің мектептер қазіргі таңда сабақ уақытында оқушылардың ұялы телефонды пайдаланбауы үшін, олардың смартфондарын сабақ басталарда жинап алып, тек сабақ соңында таратып береді, егер үзіліс кезінде ата-аналарымен шұғыл хабарласу керек болса, сынып жетекшісінің рұқсатымен телефонның уақытша қолдануына болады. Біз мұны Қостанай облысының бірнеше мектептерінде сауалнама жасап білдік.

Енді осы шара кәмететке толмаған балалардың сау-саламатты өсіп жетілуіне және психологиялық тұрғыда өзін қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды дұрыс қабылдауына қаншалықты ықпалын тигізеді деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Біріншіден, сабақ кезінде оқушылардың телефонын жинап алып, сабақ соңында ғана беру Қазақстанның барлық мектебінде енгізілсе екен дейміз. Кейбір мектептерде қалыптасқандай, үзіліс кезінде балалардың телефонды жаппай пайдалануы айтарлықтай тиімді болмаса керек. Себебі оқушы үзіліс кезінде телефоны қолына тиетінін білгендіктен, сабақтың тез аяқталуын күтіп, алаңдап отырады, зейіні басқа жақта болады. Ал бұл өз кезегінде сабақ материалын игеруге теріс әсерін тигізетіні сөзсіз.

Екіншіден, сабақтан тыс уақыттың барлығында бірдей оқушының телефонға қолжетімділігі жоғарыдағы жақсы баста-

маның тиімділігін әлсіретеді. Өзіне «еркіндік тиген» балалар бос уақытының көбін гаджеттердегі не ата-анасы, не ұстаздары біле бермейтін күмәнді дүниелерді тамашалауға арнайтыны белгілі.

Үшіншіден, жоғарыда айтып өткеніміздей, жасөспірім ағзаның жас мөлшеріне сәйкес қимыл-қозғалыспен айналысуының орнына, сағаттап экранға телміру оның денсаулығына барынша зиян.

Осыларды ескере келе мектеп, ата-ана бірлесіп, осы бағытты зерттеп, зерделеп жүрген білікті мамандардың кеңесіне сүйеніп отырып, баланың жас шамасына сәйкес смартфонды пайдалану уақытын анықтау қажет. Гаджеттерді пайдалануға қатысты негізі мақсатымыздың бірі – ол балаларды интернеттен танымдық мәні жоғары, әдебиет, өнер, экономика, ұлттық құндылықтарды тереңдете түсіндіретін материалдарды қарауға үйрету.

Сабаққа қатысты кейбір анықтамалық материалдарды оқушылардың интернет арқылы тауып қарауы дұрыс та шығар, бірақ мұның өзінде де бұл сұраққа аса жауапкершілікпен қарау керек. Себебі дайын жауапты (әсіресе, жаратылыстану ғылымдарынан) тауып алуға үйреніп кеткен адамның ойлау, сараптау, талдау, салыстыру, еске түсіру қабілеті нашарлай түседі. Бұл – смартфонды пайдаланудағы аса бір қауіпті жағдай. Олай болса, баланың бос уақытын тиімді өткізуге балама шаралар ұсынылуы керек. Мұндай дүниелер ретінде оқушыларды түрлі үйірмелер мен спорт секцияларына тарту, театр, музей, көрме, стадиондарға ертіп апарып, түрлі экскурсиялар жасау мектеп және ата-ана тарапынан ұйымдастырылуы керек-ақ.

Осы жерде гаджеттерді ауыстыратын ең тиімді, ең пайдалы қарекет – **балаларды кітап оқуға тарту**. Кітапты көп оқитын бала дұрыс та қисынды ойлай, ойын түсінікті де сауатты жеткізе және жаза алады. Әлемдегі небір биікті бағындырған тұлғалардың ортақ қасиеті – олардың кітап оқуға деген құмарлығы бала кезінен болғанын шәкірттерге түсіндіру және олардың да кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру – біздің қасиетті борышымыз.

Соңғы жылдары Қостанай облысында оқушылар арасында өткізіліп жүрген «Оқы және жең», Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына, Әбіш Кекілбаевтың 85 жылдығына арналған байқау-сайыстар осының айғағы. Облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған кезде Ринат Мұхаметқалидің ұйытқы болуымен ұйымдастырылған «Оқы және жең» байқауы бір жылда екі маусым бойы өткізіліп, өңірдегі осы бағыттағы ең елеулі жаңалық болды. Екінші маусымда қатысушылардың легі бірінші маусыммен салыстырғанда, екі есе көбейіп (10600 оқырман), кітап оқуға қызығушылар саны күрт өсті. Бұдан шығатын қорытынды: мұндай ізгі шараларды смартфонға тәуелділікті азайту мақсатымен қолдануға болады, басқаша сөзбен айтқанда, «екі қоянды бір оқпен ату» мүмкіндігі жоғары.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, смартфон біздің бүгінгі өмірімізге қаншалықты қажет, қаншалықты қызық, қаншалықты тыныс-тіршілігімізді жеңілдеткенімен, оның кері әсері барын ұмытпайық. Осы келеңсіз әсерден бүгінгі жеткіншек – ертеңгі елдің иесін қорғап қалу үшін, мектеп, ата-ана, қоғамдық ұйымдар болып ең дұрыс жолды таңдайық, яғни смартфонды пайдалануда оған тәуелді болмай, тиімдісін алайық.

Қазақ елінің ТҰҒЫРЫ БІІК, БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН БОЛСЫН!

**Әбутәліп ӘМІР,**  
**Қазақстан жазушылар**  
**одағының мүшесі,**  
**Биалаш СҮЙІНКИНА,**  
**ҚР Білім беру ісінің үздігі**  
**Заңғар САНАЙ,**  
**Халықаралық «Қазақ тілі»**  
**қоғамы ҚБ Қостанай облыстық**  
**филиалының төрағасы**



# Қазынашылық жүйенің 30 жылдығы

30 жыл бұрын Қазынашылық органдары құрылды, олардың функционалдық қызметі толығымен мемлекеттік қаржыны сақтауға және көбейтуге бағытталған.

Қазынашылық-мемлекеттік қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін уақытпен тексерілген тиімді мемлекеттік институт, ал Қазақстанның қазынашылық жүйесі әлемдегі ең үздіктердің бірі. Бұған халықаралық ұйымдар мен сарапшылардың көптеген бағалары, марапаттары мен рейтингтері дәлел бола алады.

Осы жылдар ішінде Қазынашылық органдары қайта құру, жаңғырту, жаңа функцияларды игеру, озық ақпараттық технологияларды енгізу кезеңдерінен өтті. Қазақстанның қазынашылық жүйесі әлемде бірінші болып acle Applications R12 бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңа нұсқасына көшті. Қаржылық құ-

жаттарды беру процесі жеделдетілді, сондай-ақ адами фактор мен жеке қалауды болдырмау үшін төлемдерді пакеттеу автоматтандырылды. «Қазынашылық — Клиент» ақпараттық жүйесін енгізу — тиімділігі толық дәлелденген Қазақстанды цифрландыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Қазіргі Қазынашылық-бұл қаржылық ресурстарды тиімді басқаратын және бюджеттің есеп айырысу-кассалық орындалуын қамтамасыз ететін функционалды дамыған кешенді жүйе.

Бүгінгі күні Қазынашылық департаментінде және оның аумақтық органдарында 893 мемлекеттік мекеме, 51 квазимемлекеттік сектор субъектісі, 37 мемлекеттік сатып алу субъектісі, 2 қаржылық қолдау операторы қызмет көрсетеді. Қызмет көрсету процесінде кіріс-

тер мен салықтардың есебі жүргізіледі, қаржыландыру жоспарларын жүктеуден, шарттарды тіркеуден бастап мемлекеттік мекемелердің төлемдерін жүргізуге дейінгі бюджетті атқару бойынша барлық операциялар жүзеге асырылады. Қазынашылық департаменті және оның аумақтық органдары бюджет процесінің барлық мүдделі тараптарын бюджеттің атқарылуы бойынша және мемлекеттік мекемелердің шоттары бойынша қажетті және дәл ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Қазынашылықтың негізгі міндеті ең озық технологияларды қолдана отырып процестерді толық автоматтандыру арқылы мемлекеттік бюджеттің толық және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету бойынша орындалатын мемлекеттік функцияның сапасын үнемі арттыру. Осының бәріне Қазынашылық қызмет-

керлерінің кәсібилігі мен жұмысына адал көзқараспен қол жеткізіледі.

Бүгінгі таңда қазынашылық ең заманауи қазынашылық және ақпараттық технологияларды қолданатын заманауи төлем, есеп және ақпараттық жүйе болып саналады. Қол жеткізген жетістіктерінде қалмай, қазынашылық көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартады, бюджеттік және төлем құралдарын дамытады.

30 жыл ішінде қазынашылық мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын, сенімділігі мен ашықтығын нығайтуға, сондай-ақ бюджет саясатының міндеттерін шешуге елеулі үлес қосты.

**Қостанай облысы бойынша  
Қазынашылық департаменті  
басшысының орынбасары  
А.Рахимов**

## Талдауға, бағдарлауға көмектесетін тапсырмалар жинағы

Бастауыш мектеп – оқушының тұлғалық және білім алуындағы базалық іргетасы қаланатын маңызды кезең. Оқушылардың білім жетістіктері олардың оқу барысында меңгерген дағдылары мен құзыреттіліктері арқылы анықталады. 4- сынып оқушыларының білім жетістіктерін сырттай бақылау жұмысы жолға қойылғаны баршамызға белгілі. Осыған орай өз іс-тәжірибемде кездескен қиындықтарды ескере отырып, әріптестерімді әдістемелік тұрғыда қолдау ретінде «Білім алушылардың білім жетістіктерін пысықтауға арналған тест тапсырмалары жинағы» атты әдістемелік құрал жасадым. Бұл әдістемелік құралда оқушылардың білім жетістіктерін пысықтауға арналған 10 нұсқадан, барлығы бес жүз сұрақтан тұратын тест тапсырмалары жинақталған және өз іс-тәжірибемде кездескен қиындықтар мен тиімді жұмыс бағыты жайлы баяндалады. Сонымен қатар оқушылар мен мұғалімдердің уақыты үнемді әрі оқушылар үшін қызықты болу үшін «Onlinetestpad» платформасына жүктеген тест сілтемелері бар. Әдістемелік құрал 3-4 сынып оқушылары мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған, бастауыш сынып оқу бағдарламасына сай жасалған.

Оқушылардың білім жетістіктерін пысықтауға арналған жұмыстар істегенде өткен оқу материалдарына сай тақырыптарды тек оқып қана қоймай, оны қайта түсіндіру, сұрақтарды талдау жұмыстары өз нәтижесін береді. Өз тәжірибемде оқушылармен талдау жұмыстарын жасаған уақытта оқушылар қызыға тыңдайды, тез қабылдайды, себебі бұндай жұмыстар кезінде оқу мақсаттарына сай жеке тапсырмалар мен оқу үрдісі қатаң сақталмайды, бұл жұмыста белгілі бір тақырыпқа байланысты негізгі түсініктер қайталанатын. Оқушылар да өз кезегінде түсінбей жүрген сұрақтарына жауап алады. Талдау жұмыстары спиральдік қағидамен жүзеге асырылғандықтан оқушылар қарапайым түсініктермен қоса тақырып бойынша толықтай мағлұмат алады. Бір-бірімен байланысты тақырыптар топтастырылып талданғандықтан оқушылар бірін-бірі толықтырып тұратын тақырыптарды аша түседі. Талдау жұмысымен қоса оқушылардың білім жетістіктерінің жоғары нәтижесіне тест жұмыстарын орындау да өте жақсы ықпал етеді.

Бұл жинақтағы тест жұмыстарын орындай отырып, оқушылардан көптеген нәтижелер күтіледі. Мұғалімдер үшін тест жұмыстарының артықшылығы - оқу материалдарының оқушы деңгейінде қаншалықты түсінікті болғанын көруге мүмкіндік береді. Сабақ жоспарын қайта қарап, оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге жол ашады. Нәтижелер бойынша оқушылардың жетістігін ата-аналармен бірге талқылауға негіз болады. Мұғалімдер оқушылардың тест нәтижелеріне қарап, қай тақырыптарда қиындық барын анықтайды. Сабақ жоспарын тиімді құруға және оқытудың жеке әдістерін таңдауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, әдістемелік құралда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүктеме ескеріледі, дидактикалық принциптерге сәйкес құрылған, ғылыми тұрғыдан негізделген.

**Султанова А.Г.**  
**№ 7 жалпы білім беретін мектебі**  
**бастауыш сынып мұғалімі**  
Арқалық қаласы

## Бала тәрбиесі — ортақ міндет

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Бала қамын ерте жастан бастап ойлау, бала тәрбиесіне аса мән беру білімді және тәрбиелі ұрпақты қалыптастырады.

Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының «Баланы ұлша тәрбиелесең — ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең — құл болмақшы» деген даналығы бар. Ата-бабаларымыз өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұлттың болашағы ретінде бағалаған. Бала тәрбиесіне ерте жастан мән беру арқылы тұлғалану процесі қарқынды жүреді. Сондықтан да халқымыз еңбексүйгіштік, қиыншылыққа төзе білу, ел намысын қорғау, ата тегін білу, сөзді қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, салт-дәстүрді бұзбау, жасы үлкенді сыйлау, кішілерге қамқорлық көрсету сынды құндылықтарды бала бойына ерте жастан сіңірді. Ахаң-Жақаң бастаған зиялы қазақ оқығандары арасында Нәзипа Құлжанова жазушы, журналист ретінде танымал қаламгер, ізденісі мол ағартушы болған. Нәзипа Құлжанова ұлттық педагогиканың, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті педагог.

Нәзипа Құлжанованың 1928 жылы Орынбордан басылып шыққан «Мектептен тұрғынға тәрбие» еңбегінде баланы ерте жастан тәрбиелеу жолдары, баланың жан-жақты жетілуі, анық сөйлеуі, қабілетін, бейімділігін ашу туралы жүйелі жазылған. Аталмыш еңбекке Ахмет Байтұрсынұлы кіріспе сөз жазып, бала табиғаты туралы былай дейді: «Бала табиғаты нені сүйеді? Бала табиғатының сүйетіні:

жүру, жүгіру, ойнай жүре бір нәрсені шұқынып істеген болу. Баланың ойыны қайсы, «жұмысы» қайсы, айыруға болмайды. Ойын үстінде сөйлеседі, таласады, тартысады: ойын үстіндегі өнерлері ойынынан ойын шығарады, неше түрлі ойыншықтар жасайды.

Бала тәрбиесіндегі негізгі мақсат — баланың бетін жасынан түзеп, дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету». Ұлт ұстазы айтқан «дұрыс білім, жақсы әдет, көркем мінез, таза қылық үйрету» ата-ананың бейнесінен бастау алады. Бала ата-анасының болмысын, бейнесін қайталайды. Демек, отбасы қандай болса, өсіп келе жатқан ұрпақ та сондай болады, бала әке-шешесінің үлгісінде тәрбиеленеді. Өскелең ұрпақ ел тізгінін ұстайтындай азамат болсын десек, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың жаңаша бағыттарын қарастырып, келешекте жас ұрпақ болашақ еліміздің тұтқасы болуына ата-ана, ұстаз болып ықпал ете білу маңызды.

Отбасы — тәрбие көзі. «Тәрбиесіз берілген білім — тұл», — деп ұлы ғұлама Әл-Фараби атап көрсеткендей, білімді ұрпақ тәрбиелеудің ата-ана мен білім ордасының тығыз байланыста болуы — ортақ міндетті орындауда биік нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлаймын.

**Айткул КОНКАБАЕВА,**  
**Арқалық қаласы А.Байтұрсынов**  
**атындағы бастауыш гимназиясы**  
**мектепалды сынып тәрбиешісі**

## Мәтіндік логика

Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыруда мәтіндік есептер ерекше орын алады. Олардың көмегімен балалар есептеу дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, логикалық ойлау, талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін дамытады. Осы мақсатта әзірленген «Мәтіндік логика» авторлық бағдарламасы оқушылардың мәтіндік есептерді шешу дағдыларын қалыптастырып, логикалық ойлауын жетілдіруге бағытталған.

Авторлық бағдарлама әріптесім Султанова Асыл Галымовнамен бірлескен іс-тәжірибе нәтижесі. Бағдарлама 4-сынып оқушыларына арналған, жылдық 34 сағатты құрайды. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік, танымдық, коммуникативті және ақпараттық құзыреттіліктерінің дамуына бағытталған бастауыш білім берудің жаңа парадигмасы арифметикалық есептерді шешудің жалпы дағдыларын игеруді талап етіп қана қоймай, «мәтіндік есеп» ұғымының мазмұнын ерекше кеңейтеді. Бастауыш сыныптарға арналған қазіргі математика оқулықтарын талдау мәтіндік есептермен қатар логикалық, комбинаторлық, геометриялық, жағдаяттық есептер де бар екенін айтуға мүмкіндік береді, бұл оқушыдан математиканың бастауыш курсының әртүрлі бөлімдерінен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі оқу пәндерінен де білімді біріктіруді талап етеді. Логикалық есептерде сипатталған жағдай-

ларды талдау кезінде бастауыш сынып оқушылары қажетті ақпаратты іздеу және талдау қабілетін игереді, маңызды және маңызды емес белгілерді бөліп көрсету үшін объектілерді семантикалық оқу және талдау тәжірибесін алады. Шешімді іздеу кезеңінде себеп-салдарлық байланыстарды орнату, пайымдаудың логикалық тізбегін құру, нақты жағдайларға байланысты мәселені шешудің тиімді әдістерін таңдау, мәселені тұжырымдау және қызмет алгоритмдерін өз бетінше құру сияқты әмбебап оқу әрекеттері дамиды. Соңғысы әсіресе маңызды, өйткені көптеген логикалық есептерде әрекет ету әдісін, жоспарды немесе шешім алгоритмін әзірлеу басты мақсат болып табылады. «Мәтіндік логика» авторлық бағдарламасы қолданыстағы математика оқу бағдарламасына сай құрастырылған, оқытудың спиральдік қағидатына сай қарапайымнан күрделіге қарай оқыту жүйелілігі сақталған, оқушылардың жаңартылған білім мазмұнына сай білім қорын жинауына тиімді, бастауыш сынып ұстаздарына әдістемелік тұрғыда жоғары нәтижелі бағдарлама деуге болады.

**Нүргүл НҰҒМАНОВА,**  
**Арқалық қаласы А.Байтұрсынов**  
**атындағы бастауыш гимназиясының**  
**зерттеуші-педагог бастауыш сынып мұғалімі,**  
**педагогика ғылымдарының магистрі**

## Шетел азаматтарына көмек көрсетілді

Қарабалық ауданының Қайрақ ауылына жақын жерде құтқарушылар Тәжікстан Республикасынан Ресейге бара жатқан автобустың жолаушыларына көмек көрсетті.

Автобуста 70 жолаушы болған. Оның төртеуі – бала.

Техникалық ақаудан дизель жанармайы қатып, көлік жүре алмай қалған. Оқиға орнына жергілікті әкімдік қызметкерлерімен бірлесіп құтқарушылар барды. Арнаулы құралдың көмегімен жанармайды жылытып, аккумуляторды қуаттап берді. Содан кейін автобус бағытына қайта шықты.

Жолаушылардың ешқайсысы дәрігер көмегіне мұқтаж болған жоқ.

## Бопсалаушы блогер ұсталды

Ол әлеуметтік желілерде айыптаушы материалды жариялаймын деген бопсалау мен қорқытуды қолдана отырып, кәсіпкерден аса ірі мөлшерде ақша қаражатын бопсалаған.

Прокуратурамен бірлесіп өткізілген жедел іс-шаралар барысында блогер Қарабалық ауданы полиция бөлімі қызметкерлерінің қолына түсті. Тінту барысында одан 15 миллион теңге тәркіленді.

Бопсалау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Қарабалық ауданы

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Гемма М» ЖШС Қостанай облысы Қостанай қаласының жерлерінде орналасқан Дошанов кен орнының (блок-3, С1 санаты) жер қойнауы учаскесінің құмын өндіруге арналған тау - кен жұмыстарының жоспарына жасалған экологиялық жобалары: ЭНЖ, ӨЭББ, ҚББ, ТІЖ бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қостанай облысы, Қостанай қ.

Учаскенің географиялық координаттары: 53°05'37.54"С.Е., 63°30'43.42" Ш.Б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 53°05'52.62"С.Е., 63°31'41.92" Ш.Б.

Тыңдау 01.04.2025 ж. сағат 11.00-де мына мекенжай бойынша: Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі 95, «Целинный» қонақ үйі, 404 кеңседе өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Қоғамдық тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын ме-

кенжайға келу немесе жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 387 530 9521. Пароль uv3JD5. Бастамашы – «Гемма М» ЖШС, БСН 030540008593, Қостанай қ., Байтұрсынов к, 95 үй, 424 үй, тел. 8(7142)531794.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский ш/а, 4Г, тел.: 87774212014, e-mail: alait2030@gmail.com. Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 87774212014.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізе алуын қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., Тәуелсіздік көш., 72, тел.: 8 (7142) 54-61-66, e-mail: zh.remizova@kstanay.gov.kz.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Гемма М» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Плану горных работ на добычу песка участка недр Дошановского месторождения (блок-3, категория С1), расположенного на землях города Костанай Костанайской области, с разделами ООС, ПНЭ, ПЭК, ПУО, ПМ.

Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Костанайская область, г. Костанай.

Географические координаты участка: 53°05'37.54" С.Ш., 63°30'43.42" В.Д.

Географические координаты территории воздействия: 53°05'52.62"С.Ш., 63°31'41.92"В.Д

Слушания состоятся 01.04.2025 г. в 11.00 ч по адресу: г. Костанай, ул. Байтұрсынова 95, гостиница «Целинный», офис 404. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний. Слушания будут проведены в гибридном формате, для принятия участия необходимо явиться по адресу или скачать приложение ZOOM Meeting Cloud.

Идентификация конференции: 387 530 9521. Пароль: uv3JD5.

Инициатор – ТОО «Гемма М», БИН 030540008593, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 95, офис 424, тел. 8(7142)531794.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, тел.: 87774212014, e-mail: alait2030@gmail.com.

Ссылка на портал: <https://ecoportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>. Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел: 87774212014.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области», Республика Казахстан, г. Костанай, ул.Тәуелсіздік, 72, тел.: 8 (7142) 54-61-66, e-mail: zh.remizova@kstanay.gov.kz

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Гемма М» ЖШС 13.03.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні бойы Бірыңғай экологиялық порталда (ecoportal.kz) Қостанай облысы Қостанай қаласының жерлерінде орналасқан Дошанов кен орнының (блок-3, С1 санаты) жер қойнауы учаскесінің құмын өндіруге арналған тау - кен жұмыстарының жоспарына жасалған экологиялық жобалары: ЭНЖ, ӨЭББ, ҚББ, ТІЖ бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қостанай облысы, Қостанай қ.

Учаскенің географиялық координаттары: 53°05'37.54"С.Е., 63°30'43.42" Ш.Б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 53°05'52.62"С.Е., 63°31'41.92" Ш.Б.

Тыңдау 01.04.2025 ж. сағат 11.00-де мына мекенжай бойынша: Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі 95, «Целинный» қонақ үйі, 404 кеңседе өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Қоғамдық тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын ме-

кенжайға келу немесе жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 387 530 9521. Пароль uv3JD5. Бастамашы – «Гемма М» ЖШС, БСН 030540008593, Қостанай қ., Байтұрсынов к, 95 үй, 424 үй, тел. 8(7142)531794.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский ш/а, 4Г, тел.: 87774212014, e-mail: alait2030@gmail.com. Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізе алуын қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., Тәуелсіздік көш., 72, тел.: 8 (7142) 54-61-66, e-mail: zh.remizova@kstanay.gov.kz.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Гемма М» уведомляет о том, что с 13.03.2025 в течение 10 рабочих дней на Едином экологическом портале (ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по Разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий операции по добыче песка участка недр Дошановского месторождения (блок-3, категория С1), расположенного на землях города Костанай Костанайской области.

Инициатор – ТОО «Гемма М», БИН 030540008593, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 95, офис 424, тел. 8(7142)531794.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, тел.: 87774212014, e-mail:

alait2030@gmail.com.

Ссылка на портал: <https://ecoportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел: 87774212014.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области», Республика Казахстан, г. Костанай, ул.Тәуелсіздік, 72, тел.: 8 (7142) 54-61-66, e-mail: zh.remizova@kstanay.gov.kz

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Гемма М» ЖШС Қостанай облысы Қостанай қаласының жерлерінде орналасқан Дошанов кен орнының (блок-3, С1 санаты) жер қойнауы учаскесінің құмын өндіруге арналған тау - кен жұмыстарының жоспарына жасалған экологиялық жобалары: ЭНЖ, ӨЭББ, ҚББ, ТІЖ бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қостанай облысы, Қостанай қ.

Учаскенің географиялық координаттары: 53°05'37.54"С.Е., 63°30'43.42" Ш.Б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 53°05'52.62"С.Е., 63°31'41.92" Ш.Б.

Тыңдау 01.04.2025 ж. сағат 11.00-де мына мекенжай бойынша: Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі 95, «Целинный» қонақ үйі, 404 кеңседе өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Қоғамдық тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын ме-

кенжайға келу немесе жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 387 530 9521. Пароль uv3JD5. Бастамашы – «Гемма М» ЖШС, БСН 030540008593, Қостанай қ., Байтұрсынов к, 95 үй, 424 үй, тел. 8(7142)531794.

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН 100540015046, Көкшетау қ., Васильковский ш/а, 4Г, тел.: 87774212014, e-mail: alait2030@gmail.com. Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізе алуын қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., Тәуелсіздік көш., 72, тел.: 8 (7142) 54-61-66, e-mail: zh.remizova@kstanay.gov.kz.

ТОО «Гемма М» уведомляет о проведении Рабочей группы по рассмотрению Плана ликвидации последствий операции по добыче песка участка недр Дошановского месторождения (блок-3, категория С1), расположенного на землях города Костанай Костанайской области.

Рабочая группа состоится 10.03.2025 г. в 11.00 ч. посредством ZOOM. Идентификатор конференции: 413 945 6516. Код доступа: 777.

Инициатор – ТОО «Гемма М», БИН 030540008593, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 95, офис 424, тел. 8(7142)531794.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Гемма М» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к Плану горных работ на добычу песка участка недр Дошановского месторождения (блок-3, категория С1), расположенного на землях города Костанай Костанайской области.

Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Костанайская область, г. Костанай.

Географические координаты участка: 53°05'37.54"С.Ш., 63°30'43.42" В.Д.

Географические координаты территории воздействия: 53°05'52.62"С.Ш., 63°31'41.92"В.Д

Слушания состоятся 01.04.2025 г. в 10.00 ч по адресу: г. Костанай, ул. Байтұрсынова 95, гостиница «Целинный», офис 404. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний. Слушания будут проведены в гибридном формате, для принятия участия необходимо явиться по адресу или скачать приложение

ZOOM Meeting Cloud. Идентификация конференции: 387 530 9521. Пароль: uv3JD5.

Инициатор – ТОО «Гемма М», БИН 030540008593, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 95, офис 424, тел. 8(7142)531794.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ», БИН 100540015046, г. Кокшетау, мкр. Васильковский 4Г, тел.: 87774212014, e-mail: alait2030@gmail.com.

Ссылка на портал: <https://ecoportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>. Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел: 87774212014.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области», Республика Казахстан, г. Костанай, ул.Тәуелсіздік, 72, тел.: 8 (7142) 54-61-66, e-mail: zh.remizova@kstanay.gov.kz

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 90

### МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы»  
газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор  
Кенжеш ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Директор-Бас редактор  
қабылдау бөлмесі:  
54-12-66, факс: 54-99-69

Нөмірдің кезекші редакторы: Сералы МЫРЗАБАЙ

Директор-Бас редактордың  
орынбасары: 54-84-44

Шеф-редактор: 54-67-65

Тілшілер: 54-79-68, 54-28-42

Жарнама бөлімі: 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Арқалықта: 7-30-79, 8-701-323-54-91

Аманкелдіде: 8 708 1999827,

8-777-1 15-95-35

Беттеуші-дизайнер:  
Нұрсұлу Алмат.

Газете жарық көрген оқырман пікірі редакция кезқарасын білдірмейді.

Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.

А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.

«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Тапсырыс: 262

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы

Ақпарат және коммуникациялар ми-

нистрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп,

№17374-Г куәлігі берілді.

«Қостанай таңы» газетінің компью-

тер орталығында теріліп, беттелді.

Офсеттік басылым. «Полиграфия

Қостанай» ЖШС баспаханасы. Ме-

кенжайы: С.Мәуленов көшесі №16.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы: 4985



спортшылармен сөйлесуге көп уақытын жұмсады. Анатолий Леонтьевич өзі де осы шаңғы спорт түрімен айналысып, КСРО спорт шебері атанған. Велоспорт пен хоккейге де жаны құмар еді. Шаңғы фестивалінде әріптестер шаңғымен сырғанап, кубок, медальдарді жеңіп қана қоймай, көзкөрген ел ағаларының ол кісі жайлы әңгімелерінен жақсы қасиеттерін үйренуге мүмкіндік алып отыр. Әлі де бұл іс-шара жылма-жыл жалғасатын табатын болады», – деді Александра Серғазина.

Анатолий Гаврилов журналист ретінде «Спорт орбитасы» және «Үшінші тайм» телебағдарламаларымен сүйікті жанкүйерлерінің есінде қалды. Облыстық теледидардың спорт жаңалықтарын жүргізді.

Шаңғы фестиваліне «Аян-озат» ЖШС, «Розумович» ЖШС, «Стройэлитдом» сауда маркасы, «Солнечная кухня» ұжымы, «Зуевка» ЖШС және «Азат и Д» ЖШС демеушілік жасады.

Осы жарыстың өтуіне мұрындық болған «Зуевка» ЖШС директоры

# Жарыстырған, табыстырған бір думан

Айбек ЖУЗБАЙ

**Қостанайда бұқаралық ақпарат қызметкерлері арасында шаңғы жарысы екінші мәрте ұйымдастырылды. Дәстүрге айналған спорт мерекесінде журналистер жарысып, табысып, бір жасап қалды.**

Анатолий Гавриловтың есімі Тобыл өңіріне жақсы таныс. Қостанай спортының жаңалығын талмай жариялап, тележурналистиканың майталманы ретінде халықтың жүрегінде қалды. Бұл туралы бір ұжымда үзеңгілес болған әріптесі Жанұзақ Аязбеков тебірене еске алады.

«Анатолиймен облыстық арнада бірге қызмет атқарып, талай рет сапарлас болдық. Шығармашылығымен қатар адамгершілік келбетімен де өзгелерден ерекшеленіп тұратын. Әрдайым жұртқа көмек қолын созуға асығып жүретін», – дейді Жанұзақ Аязбекұлы ардагерді еске алуға арналған бұқаралық ақпарат құралда-

рының өкілдері арасындағы шаңғы фестивалінде.

Бытыр бұл турнир Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының бастамасымен өткізілген. Биыл Анатолий Гаврилов табан аудармай отыз жылға жуық еңбек еткен «Қостанай» телеарнасының ұйымдастыруымен екінші рет жалауын көтерді.

Осы жарысқа арнайы Атырау қаласында тұратын қызы Алена да келді.

«Әкеміз спорт пен кәсіпті бөліп қарамайтын. Сол көзқарасын отбасында

да үлгі ретінде дамытып, журналист-камен қатар алып жүрді. Бұл өнегесі өзгерлерге ізгі жол салады деп ойлаймын», – дейді Алена.

Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының жетекшісі Александра Серғазина турнирдің әлі де жалғасатынын айтты.

«Анатолий Гавриловты еске алуға арналған шаңғы фестиваліне біздің аймақтың барлық БАҚ өкілдері жиналып отыр. Осы базада әріптесіміз өзінің репортаждарын жасау үшін

Александр Бородин, «Қостанай» телеарнасының директоры Ержан Қожабеков қатысушыларға сәттілік тіледі.

Тартысты бәсеке қорытындысында «Қостанай» телеарнасы бірінші орынды иеленді.

Фестивальге «Қостанай таңы» газетінің атынан әріптестеріміз Шұға Қоңқабай, Балауса Жүніс, Сергей Платонов қатысты. Ерлер арасында Сергей алтыншы келді. Әйелдер арасында мәре сызығын Шұға алтыншы, Балауса жетінші кесіп өтті.

**Суреттерді түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ**

